• Өңір өмірі

• ЖАМБЫЛ.

Облыс әкімі Серік Үмбетов журналистермен өткен кездесуінде облыс экономикасының алты айдағы табыстарын атаумен қатар алдағы міндеттер туралы ой бөлісті.

Амангелді газы шыққан өңірден мұнай өндіру бағытында жұмыстар жүргізу қажет. Бүгін мамандар Мойынқұмда мұнай бар екенін айтуда. Сонымен бірге жылдар бойы қалқайып тұрған "Сарытас" кәсіпорнын кальцийлі сода шығаруға бейімдеу, Тараз қаласында болат құю зауытының салынуына қол жеткізу, Шу ауданындағы Шатырқұл мыс кен орнын дамытып, облыста "Қазақмыс" компаниясының филиалын ашу міндеттерін шеше білсек, облыс экономикасы өрлейтіні анық.

• СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН.

Қаржы бақылау комитетінің облыстық басқармасы бюджет қаржысын онды-солды ысырапсыз шашқан мекемелерді жалғанның жалпағына сүйреп шығарды.

Кешенді тексеру барысында 123 нысан қамтылып, 1086,5 мын теңге тауар-материалдық құндылықтың және ақша қаржысының жетіспейтіні, 63157 мың теңге шығыстың бюджеттік заңнамаға сәйкес келмейгіні, 4385,6 мың теңгенін мақсатсыз жұмсалғаны, 24740,9 мың теңгенін тиімсіз пайдаланылғаны анықталды.

Қолданылған шаралардың нәтижесінде тауар жетіспеушілігі мен ұрланған қаражаттың 34,2 пайызының орны толтырылды, мақсатсыз пайдаланылған қаржының 27,1 пайызы кері қайтарылды. Әкімшілік құқық бұзушылыққа жол бергені үшін 6 лауазымды адамға айыппұл салынды. 25 лауазым иесі тәртіптік жауапкершілікке тартылды, 2 адам қызметінен босатылды.

Бір өкініштісі, мемлекет қаражатын миллиондап онды-солды шашқан "ЗИКСТО" ААҚ президенті Г.Агапкин мен вице-президент Т.Вьюшковқа рақымшылық жасалып, алды Ресейге кетіп те үлгерді.

• ҚОСТАНАЙ.

Уақыт өткен сайын мектеп оқушыларының мектепке баратын күні жақындап келеді. Ертең балалардың әәрі бірдей ашық-жарқын қабақпен білім ошақтарының табалдырығынан аттай ала ма? Міне, осы сұрақ жыл сайын Қостанай облыстық әкімдігінің жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссияны қатты толғандырып келеді. Жақында осы комиссияның шешімімен тағы да "Мектепке барар жол" атты қайырымдылық акциясы басталды. Ондағы мақсат — жағдайы төмен отбасылардағы балалардың мектепке лайықты дайындықтармен баруына көмек беру. Мұндай тәжірибенің жыл сайын беріп келе жатқан пайдасы үлкен. Мысалы, өткен жылы 4500-ден астам балаға 22 миллион теңгенің көмектері көрсетілген болатын. Биылғы жылы да мұндай дәстүр өз жалғасын табады деген сенім бар. Иә іске кез келген

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫ:

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН АБАЙ БОЛАР ЖАҚТАРЫ

• Сараптама

Кенжеғали САҒАДИЕВ,
академик.

Еліміздің экономикасы тағы бір жаңа кезеңнің алдында тұр. Ол — Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу кезеңі. Бір-екі жыл ішінде осы кезең туып қалуы мүмкін. Елбасы Н.Назарбаев бірнеше ресми мәлімдемелерінде, әсіресе Д.Ахметов бастаған жаңа Үкіметтің міндеттеріне тоқталғанда аталмыш ұйымға кіру мәселесіне жауапты қарап, жан-жақты дайындық қажет екенін атап өтті.

Құрылғанына 56 жыл толған (ГАТТ, 1947 ж.), қазіргі таңда 146 мемлекет мүше болып отырған Дүниежүзілік сауда ұйымының ережелері біздің қалыптасқан ұлттық экономикалық кеңістігімізге оркилы әсер тигізері ешбір күмәнсіз. Оны осы Ұйымға кірген көптеген елдердің тәжірибесінен байқауға болады. Ұтқандар бар, ал ұтылған мемлекеттердің де саны аз емес.

Бұдан бізге осы ұйымға қосылу керек пе деген сұрақ тумайды. Бүкіл әлем елдерінің 75 пайызынан астамы мүше болып отырған осындай халықаралық бірлестіктен тыс қалу біздің жүргізіп отырған саясатымызға жатпайды. Біз ашық, сауданы барынша ырықтандыру негізінде, нарықты экономика жүйесін қалыптастырып жатқан елміз. Осы бағытымызда қол жеткен табыстарымыз да аз емес. Бүгінгі таңда 135 мемлекетпен саудасаттық, жалпы экономикалық қатынастамыз. Еуропа Одағы және Америка Құрама Штаттары біздің экономикамызды нарықты түрде қалыптасып, дамып келе жатқан деп мойындады. Біз қазір көптеген беделді халықаралық ұйымдардың мүшесіміз. Осындай ұйымдардың маңыздысының бірі — Дүниежүзілік сауда ұйымы. Оған қосылу біздің экономикамызды, әсіресе сауда саласын әрі қарай ырықтандырып, дүниежүзілік экономикалық кеңістікте басқа елдермен терезесі тең мемлекет ретінде іс-қимыл жасауымызға мүмкіндік береді.

Дәлірек айтсақ, аталған ұйымға қосылудан біз не күтеміз? **Біріншіден,** ол бізге заңды түрде жан-жақты реттелген халықаралық сауда кеңістігіне шығуға мүмкіндік береді. **Екіншіден,** біздер шығаратын өнеркәсіп тауарларын шет елдерге тежеусіз шығарып сатуға мүмкіндік туғызады. Өйткені дүниежүзілік сауданың 90 пайызынан астамын осы ұйымға мүше елдер жүзеге асырады. **Үшіншіден,** бізге қарсы қолданып отырған демпингке, тауарды шетке сату жолындағы біз кездесіп отырған әртүрлі алалаушылыққа халықаралық ережелер негізінде тойтарыс беруге жағдай жасайды. Қазір кейбір тауарларымызды, әсіресе қара металлургия, болат өнімдерін басқа елдерде сатуда осы елдердің кейбіреуінің бізге жасап отырған алалаушылығы аз емес. **Төртіншіден,** осы ұйымға қосылу арқылы экономикамыздың ашықтығын үлғайта түсіп, соның нотижесінде елімізге жаңа технология мен қосымша инвестициялар келе ме, әсіресе өндеуші өндіріс саласына келе ме деген үмітіміз негізсіз емес. **Бесіншіден,** бұл ұйымға қосылу тауарды тиімді жағдайда өндіру, сату, өткізу салаларында басқа елдермен бәсекені арттырады. Бұл бізді артқа тартып отырған техника-технологиялық деңгейі төмен, тиімділігі аз кәсіпорындардың мәселесін тезірек біржақты етіп, олардың кейбіреуін жаңа талапқа сай жаңғырту процесін жеделдетуге көмектеседі. Былайша айтқанда, диктері болар еді, мүшеліктің өтпелі кезеңінің де мерзімі ұзағырақ болар еді.

Сонымен қатар Дүниежүзілік сауда ұйымының жаңадан мүше болам деген елдерге қоятын талаптарының жылдан жылға қаталданып, күрделеніп келе жатқанын да ескермеуге болмайды. Қазақстан өкілдері қазір көптеген елдермен аталған ұйымға мүше болуға келіссөздер жүргізіп жатыр. Онда талқыланатын мәселелер өте кешенді: біздің шетелмен экономикалық қатынас жөніндегі саясатымыз бен зандарымыздың қосылайын деп отырған халықаралық ұйым талабына сәйкестігі, сауданы ырықтандыру жөнінде алатын міндеттеріміз, біздің ішкі рыногымызға шет ел тауарлары мен қызмет түрлерін жіберу тәртібі, басқа да көптеген күрделі мәселелер. Біз үшін осындағы негізгі мәселе — кедендік салық. Кедендік салық (тариф) сыртқы экономикалық саясаттың негізгі бір құралы. Оның бірінші міндеті ұлттық экономика кеңістігін қорғау, экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету. Сауда ұйымы кеден салығынан сырт басқа елдердің тауарларына кай елде болсын тежеу болмауын талап етеді. Осындай шартты міндетті Қазақстан да алады. Сондықтан кеден төлемінің деңгейі біздің тауар өндірушілеріміздің, жалпы еліміздің сыртқы экономикалық саясатының мүддесін, тиімділігін қорғайтын негізгі мүмкіндіктің бірі.

Жоғарыда айтқандай, осылар жөнінде келіссөздер жүріп жатыр. Біздің мәліметіміз бойынша, бірқатар елдер Қазақстаннан кеден салығының мөлшерін қазіргі қалыптасқан деңгейде, тінті одан төмен деңгейде ұстауын міндетіне ал деп отыр. Біздегі кейбір шаруашылық салаларына бұдан келетін зиян болмас, дегенмен едәуір ойымызша, өзінің тиісті де, тиімді де шешімін табуы керек. Бірінші — осы саладағы кедендік салық мөлшері, баж салығы қалай болу керек, ол мынау кең сахарамызда егінмен, малмен айналысып жатқан шаруаларымызды, шаруа қожалықтарын, олардың өнімдерін шетелдік арзан азық-түліктің басып кетпеуіне тежеу бола ала ма? Екіншіден — ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай көмек қандай болу керек, сауда ұйымының қойып отырған талабына мойын ұсынамыз ба, әлде өз ерекшеліктерімізді, ауылдың бүгінгі жайсыз жағдайын еске алып, іс-қимыл жасаймыз ба? Үшінші — біздің ауылшаруашылық өнімдеріміз шет елдерде молырақ сатылуы үшін (әйтпесе мына кең егістік пен жайылым бізге неге керек) мемлекет тарапынан қандай саясат, әсіресе қолдаулар керек.

Кедендік салық деңгейі немесе баж салығы туралы аталмыш сауда ұйымы ауылшаруашылық өнімдерін сырттан әкелу мәселелерін тек осы тетік (механизм) арқылы реттеуді талап етеді. Басқа тетіктерді, немесе құралдарды қолдануға оның зандары мен ережелері тыйым салады. Осындай жағдайда бізде шығарылатын азық-түлік өнімдерінің Уругвайда өткен министрлер конференциясында қабылданды. Бұл бір әлемдік сауданың дамуының елеулі оқиғасы болса да, ауылшаруашылық өнімдерін сату, өткізу тәртібінде әлі де шешілмеген мәселелер аз емес. Қабылданған ережелерде дамыған елдердің пайдасына бұрмалаушылықтар да жоқ емес екенін айта кетуіміз керек. Уругвай раундынан кейін өткен бірнеше министрлер конференциялары ауылшаруашылық өнімдерінің саудасын ырықтандыру мәселесін әлі тиянақты шешкен жоқ. Сондықтан да дамыған елдердің дастарканынан жаңа дамып келе жатқан елдердің (олардың үлкен мүмкіндігіне қарамай) азық-түлігі орын ала бермеиді, оған әлі күнге деин қойылған көптеген тежеу-тосқауылдар бар.

Біздің еліміздің ауыл шаруашылығы бәсекелестік мүмкіндігі төмен, бәсекесайысқа қаукары нашарлау нәзік сала. Сәйткенмен, халық үшін өте маңызды сала. Республика халқының 44 пайызы ауылды жерде тұрады, ал халықтың 25 пайызға жуығы тікелей ауыл шаруашылығында еңбек етеді. Сондықтан да әңгіме болып отырған халықаралық ұйымға қосылу қарсаңында оның ережелерінің ауыл шаруашылығына тигізер әсерін өте мұқият байқауымыз керек. Осыған байланысты үш мәселе, біздің шет елдермен салыстырғанда әлі де аздығын көреміз. Мысалы, республикалық бюджеттен 2002 жылы ауыл шаруашылығына бөлінген қаржы Қазақстанның жалпы ішкі өнімнін (ЖІӨ) 0,6 пайызын құрайды, ал 14 жақсы дамыған мемлекеттерде осындай көрсеткіш 2000 жылы 1,3 пайыз, яғни екі есе жоғары болды. Ресейліктердің мәліметі бойынша ол елде ауыл шаруашылығына пайдалы жердің 1 гектарына шаққандағы көмек Канадамен салыстырғанда 100 есе төмен. Біз де осындай алшақтықтан алыс емесміз. Ауылшаруашылық өнімдерді өндіру шығынына мемлекет тарапынан біздің көмегіміз 5 пайыз болса, дамыған елдерде осындай көмек шығынның 40 пайызына дейін өтейді, яғни 8 есе артық. Біз осы деректерді келтіре отырып, сауда ұйымына кіру қарсаңында мемлекет тарапынан аталмыш салаға келешекте көрсетілетін көмектің мөлшерін қазіргіден жоғары деңгейде болу мүмкіншілігі үшін ат салысып, табанды келіссөздер жүргізуіміз керек дегіміз келеді. Өйткені ауылдың жағдайы әлі төмен, техникасы азып-тозған, жерді өңдеу мен тыңайту өте нашар, технология жүйесі не бұзылған, не қалыптаспаған, тағы-тағы осындай каптаған кедейшіліктер. Ауылды түбегейлі көтеру үшін әлі қомақты, аукымды ешт ежүзіз келу үшін шекараны ашуды талап етуде. Мысалы, Қытай Халық Республикасы Ресейге осындай талап қойып отыр. Біздерге де осындай талап қойылатын болса, оның ұлт үшін, ұлттық дербестігімізді сақтау үшін үлкен қауіп екенін дәлелдеп жатудың керегі жоқ. Бұл да бір ұлттық мүддені нысанаға алып отырып, табанды келіссөздер жүргізетін жағдай.

Біз шетел инвестицияларын қомақты пайдаланып отырған елміз. Сырттан келген қаржыны одан да көп игереміз бе деген үміт те, жоба да бар. Шетелдік қатысушылары бар кәсіпорындар да бізде кеңінеп орын алған. Қазір инвестицияны реттеу де, аталмыш кәсіпорындардың жұмысын реттеу де біздің ішкі ұлттық зандарымыз негізінде жүзеге асып отыр. Ал енді аталған ұйымның саудаға байланысты инвестициялық шаралар жөніндегі Келісімнің (TRIMS), қызмет көрсету жөніндегі жалпы Келісімнің (ГАТС) кейбір талаптары біздің ішкі зандарымызға үйлеспейді. Ол қайшылықтар біршама. Дәлірек айтсақ, импортты алмастыратын тауарлар, олардың көлемі мен бағасы туралы, импорт тауарларын сатып алудың ережелері, экспортты белгіленген мөлшерде шектеу туралы, инвестиция зандарын ырықтандыру жолдары туралы жоғарыда көрсетілген Дүниежүзілік сауда ұйымының зандары мен ережелері біздің осы мәселелерді реттейтін ішкі зандарымыздан алшақтау. Осының салдарынан біздің импортты алмастыратын өндірісті дамыту бағдарламамыздың шектелу қаупі бар. Тапқан табыстың елеулі мөлшері сыртқа кету де қаупі бар. Бұл мәселелерді де ұлт мүддесіне сәйкес шешу бізден үлкен дайындық пен табандылықты талап етеді. Келіссөздер мен келісімдерде жібергеп олқылықтар казір де, әсіресе келешекте біздін шаруашылық салаларымызға теріс әсерін тигізуі мүмкін. Шетелдіктермен шарт жасасқандағы алғашқы жылдардағы кейбір олқылықтарды, олардың экономикаға тиімсіз жерлерін біздер қазір жақсы сезініп отырмыз.

Сауда ұйымына кірсек бізге көптеген тауарлар келеді, ал сырттан келетін инвестициялар азаяды деген пікірлер де айтылып жүр.

Дүниежүзілік сауда ұйымына қашан кіру керек деген сауал да күн тәртібінде тұр. Төрт мемлекет (Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан) болып, ортақ экономикалық кеңістік құрып, аталған ұйымға бірге кіреміз бе деген болжамдар бар. Ресей Федерациясымен бір мезгілде кіреміз деген жоба да жоқ емес. Тезірек кіру керек, ойтпесе аталған ұйымның талабы жылдан-жылға күрделеніп келе жатыр деген де пікірлер естиміз. Әрине, олардың қай-қайсысы да негізсіз емес. Дегенмен, әңгіме қаммен қашан кіруде емес, әңгіме осы ұйымға қосылуға жан-жақты дайындалуда. Қолданылып жүрген зандарымызды сауда ұйымы ережелері тұрғысынан қайта қарап, толықтыру керек болар. Сыртқы экономикалық саясат та жоғарыда айтылған, көптеген айтылмаған мәселелерге байланысты өзгерістер енгізуді талап етеді. Әрине, осындай шаралар үкімет тарапынан, министрліктерде жүзеге асып жатқан болар. Бірақ көптеген түйіндер әлі шешілмеген сияқты. Аталмыш ұйымға асығыс, тиісті дайындықсыз кірген бұрын Кеңес одағында болған қазіргі кейбір егемен елдердің өзір ұтқаны аз, ұтылғаны көп. Сондықтан да бізге үлкен дайындық, терең зерттеулер, ұлттық мүддені қорғайтын дәлелді де табанды

экономикалық саясатының мүддесін, тиімділігін қорғайтын негізгі мүмкіндіктің бірі.

Жоғарыда айтқандай, осылар жөнінде келіссөздер жүріп жатыр. Біздің мәліметіміз бойынша, бірқатар елдер Қазақстаннан кеден салығының мөлшерін қазіргі қалыптасқан деңгейде, тінті одан төмен деңгейде ұстауын міндетіне ал деп отыр. Біздегі кейбір шаруашылық салаларына бұдан келетін зиян болмас, дегенмен едәуір

ұйымының Уругвайда өткен министрлер конференциясында қабылданды. Бұл бір әлемдік сауданың дамуының елеулі оқиғасы болса да, ауылшаруашылық өнімдерін сату, өткізу тәртібінде әлі де шешілмеген мәселелер аз емес. Қабылданған ережелерде дамыған елдердің пайдасына бұрмалаушылықтар да жоқ емес екенін айта кетуіміз керек. Уругвай раундынан кейін өткен бірнеше министрлер конференциялары ауылшаруашылық өнімдерінің саудасын ырықтандыру мәселесін әлі тиянақты шешкен жоқ. Сондықтан да дамыған елдердің дастарканынан жаңа дамып келе жатқан елдердің (олардың үлкен мүмкіндігіне қарамай) азық-түлігі орын ала бермеиді, оған әлі күнге деин қойылған көптеген тежеу-тосқауылдар бар.

Біздің еліміздің ауыл шаруашылығы бәсекелестік мүмкіндігі төмен, бәсекесайысқа қаукары нашарлау нәзік сала. Сәйткенмен, халық үшін өте маңызды сала. Республика халқының 44 пайызы ауылды жерде тұрады, ал халықтың 25 пайызға жуығы тікелей ауыл шаруашылығында еңбек етеді. Сондықтан да әңгіме болып отырған халықаралық ұйымға қосылу қарсаңында оның ережелерінің ауыл шаруашылығына тигізер әсерін өте мұқият байқауымыз керек. Осыған байланысты үш мәселе, біздің шет елдермен салыстырғанда әлі де аздығын көреміз. Мысалы, республикалық бюджеттен 2002 жылы ауыл шаруашылығына бөлінген қаржы Қазақстанның жалпы ішкі өнімнін (ЖІӨ) 0,6 пайызын құрайды, ал 14 жақсы дамыған мемлекеттерде осындай көрсеткіш 2000 жылы 1,3 пайыз, яғни екі есе жоғары болды. Ресейліктердің мәліметі бойынша ол елде ауыл шаруашылығына пайдалы жердің 1 гектарына шаққандағы көмек Канадамен салыстырғанда 100 есе төмен. Біз де осындай алшақтықтан алыс емесміз. Ауылшаруашылық өнімдерді өндіру шығынына мемлекет тарапынан біздің көмегіміз 5 пайыз болса, дамыған елдерде осындай көмек шығынның 40 пайызына дейін өтейді, яғни 8 есе артық. Біз осы деректерді келтіре отырып, сауда ұйымына кіру қарсаңында мемлекет тарапынан аталмыш салаға келешекте көрсетілетін көмектің мөлшерін қазіргіден жоғары деңгейде болу мүмкіншілігі үшін ат салысып, табанды келіссөздер жүргізуіміз керек дегіміз келеді. Өйткені ауылдың жағдайы әлі төмен, техникасы азып-тозған, жерді өңдеу мен тыңайту өте нашар, технология жүйесі не бұзылған, не қалыптаспаған, тағы-тағы осындай каптаған кедейшіліктер. Ауылды түбегейлі көтеру үшін әлі қомақты, аукымды

демеу керек. Дүние жүзінде бірде-бір елде ауыл шаруашылығы мемлекет тарапынан жәрдемсіз, көмексіз, қолдаусыз жақсы дамып отырған жоқ. Тіпті құрал-сайманы сақадай сай, жоғары технологиялық деңгейде дамып отырған ауылына Америка Құрама Штаттары өкіметі жылына 22 млрд. доллар көмек көрсетеді, Еуропа Одағы елдерінідегі фермерлерге арналған осындай көмек жылына 40 млрд. доллар.

Ауылға байланысты тағы бір мәселеге тоқтағымыз келеді. Біз азық-түлік өнімдерін молынан өндіруге мүмкіндігі бар елміз. Келешекте бұл мүмкіндік арта түседі. Ал енді осындай мол өнімді кім алады, қайда сатамыз, қалай сатамыз. Бұл жай сұрақ емес, өйткені біздің ішкі тұтыну суранысымыз аз, орған егіннің, басқа да азық-түлік өнімдерінің қомақты бөлімін шет елдерге сатамыз, сатуға тура келеді. Бұл біздің ауыл шаруашылығымыздың келешегі, ауыл экономикасын көтерудің өте тиімді жолдарының бірі. Қазір біз ауылшаруашылық өнімдерін Өзбекстан, Түркіменстан, Ресеидің кейбір аймақтарына сатамыз. Соңғы бір-екі жылда ауылшаруашылық өнімдерін бұлардан алыс мемлекеттерге де сата бастадық. Осыған байланысты қиыншылық — астықты немесе басқа өнімдерді алыска тасығандағы жол қымбаттылығы. Арзан су жолы жоқ, ішкі құрылықта жатқан елміз. Алыс елдерге апар-

жыл сайын беріп келе жатқан пайдасы үлкен. Мысалы, өткен жылы 4500-ден астам балаға 22 миллион теңгеңің көмектері көрсетілген болатын. Биылғы жылы да мұндай дәстүр өз жалғасын табады деген сенім бар. Иә іске кез келген азамат өз үлесін қоса алады.

● АТЫРАУ.

Мұнайлы астана атанған облыс орталығы жыл санап бой көтерген әсем ғимараттармен ажарланып, көркейе түсуде. Пайдалануға берілген нысандар қатарында осы заман талабына сай тұрғын үйлер де көп. Сондай көп қабатты тұрғын үй кешенін таяуда "Целинстрой" ЖШС құрылысшылары пайдалануға тапсырды.

Жалпы аумағы 10 мың шаршы метрді құрайтын 129 пәтерлік тұрғын үй кешенінен баспана алуға үміттенгендер жетерлік. Алайда, пәтер құнының қымбаттығы, әсіресе, тұрмысы төмен, не тек зейнетақыға қарап отырған отбасылар үшін оңай тимейді. Осыны ескерген қала әкімдігі бірден 56 отбасын жаңа баспанамен қамтуды ұйғарды. Қала әкімі Манас Тасыбаевтың пікірінше, бұлайша қадам жасауға 56 отбасының не суы, не канализация жүйесі жоқ ескі үйлерде тұрғандығы себеп болған. Мұндай құлау қаупі төнген үйлер қалада әлі де көп. Оларды алдағы 3-4 жыл ішінде біртіндеп жою, ал тұрғындарын жаңа пәтермен қамту жоспары жасалған.

● ҚЫЗЫЛОРДА.

Н.Бекежанов атындағы музыкалық-драма театры "Исатайдың барында..." атты спектакльді сахнаға шығарды. Дауылпаз ақын, жыршы, күйші Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған бұл қойылым драматург Тұрсын Әліпбайдың шығармасы негізінде дайындалған. Айтулы ақынның күреске толы өмірінің бір кезеңін қамтитын бұл спектакльді Қазақстаннын еңбек сіңірген қайраткері, театрдың бас режиссері Хүсеин Теміров қойды. Бұл — оның көп жылғы үзілістен кейінгі туған қаласына қайта оралғандағы алғашқы қойылымы.

Спектакль көрермен көпшілігінің қоңілінен шықты. Талғампаз қауым мұнда, әсіресе, Махамбет ролін сомдаған жас әртіс Бақытбек Темірбековтің, оның сүйген қызы Патшайды бейнелеген Қарлығаш Айтжанованың, Шадырды шығарған Қазақстаннын еңбек сіңірген әртісі Бақытбек Алпысбайұлының өнерлеріне тәнті болды.

● ҚАРАҒАНДЫ.

Жезқазған қаласында жалынды публицист Баубек Бұлқышевтың рухына арналған "Жастықтың алауы, ерліктің жалауы" атты мүшәйра өтті. Оны "Ақжол" әдебиет клубы ұйымдастырды.

Жыр сайысына жергілікті 16 ақынның өлен-жырлары түсті. Солардың ішінен 10 ақын туындылары іріктелш алынды. Жыр додасында Ғазиз Ештанаев, Ибрагим Бекмаханұлы, Ғұзыхан Ақпанбек, Кенжебай Ахметов сынды өңірге танымал талант иелері өнер сынасты.

Мүшәйра қорытындысында Кенжебай Ахметов жеңімпаз атанды. Сондай-ақ Ғұзыхан Ақпанбек пен Ғазиз Ештанаев өлеңдері де жақсы бағаланып, олар екінші жүлдені өзара бөлісті.

басқа елдермен бәсекені арттырады. Бұл бізді артқа тартып отырған техника-технологиялық деңгейі төмен, тиімділігі аз кәсіпорындардың мәселесін тезірек біржақты етіп, олардың кейбіреуін жана талапқа сай жаңғырту процесін жеделдетуге көмектеседі. Былайша айтқанда, Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшеліктің экономикамызға тигізетін жағымды, тиімді әсері аз емес. Біз әлем тұрғысынан халқы аз, экономикасы, ішкі сауда-саттық ауқымы, ішкі тұтыну сұранысы шағын елміз. Ал енді шығаратын заттар барынша тиімді, пайдалы болу үшін, олар тек Қазақстанда емес, басқа елдерде, жалпы әлемдік кеңістікте сатылып, өткізілуі керек. Экономикалық тынысымыз сонда ғана кениді.

Дегенмен, жоғарыда аталған мүмкіндіктер мен құндылықтар біздің алыстан үміт еткен нысанамыз ғана. Олардың болуы, болмауы, тууы, тумауы аталмыш ұйымға қосылу үшін дайындығымызға, оған мүшеліктен туатын біздің міндеттерімізді терең ойластыруымызға байланысты. Ол міндеттер жеңіл емес. Жаһандану үрдісі халықаралық ұйымдардың, оның ішінде сауда ұйымының да күннен-күнге беделін арттырып, әр елдің экономикасына ықпалын күшейтуде. Ал ықпалдың тиімді не тиімсіз болуы ұлттық экономиканың келешегіп болжай білуімізде және осынын негізінде мемлекет ретінде мойнымызға алған шартты міндеттерге байланысты. Осыған орай Дүниежүзілік сауда ұйымына қашан және кандай шартпен қосылу керек, оның біздің экономикамызға тигізетін салдары қандай деген сұрақтар туады. Біз осы мәселелерге көбірек тоқтауды жөн көрдік.

Ең алдымен назар аударатын жағдай — барлық елдерге бірдей заны мен ережелері болуға тиіс осы халықаралық ұйым іс жүзінде сынаржақтылау сияқты. Онын ең жоғарғы басқарушы органы — ұйымға мүше елдердің министрлерінін конференциясы болып есептеледі. Конференциялар әрбір үш жылда өтеді. 1995 жылы Уругвайдағы конференцияда осы ұйымның қазіргі ресми аты берілді, ал соңғы министрлер конференциясы Катар мемлекетінің астанасы Доха қаласында 2001 жылы өтті. Конференцияларда ортүрлі шешімдер, ережелер, мәлімдемелер қабылданады. Андап қарасақ, осы шешімдердің кейбіреулері барлық елдерге бірдей емес, дамыған елдердін мақсатын көздеп, солардың мүддесінен туатыны көрінеді. Бұл жағдайды көптеген елдердің, әсіресе артта қалған, немесе жаңа дамып келе жаткан елдердің өкілдері айтып жүр. Біз де өтпелі кезең экономикасын құрып жатқан осындай елдердін санатына косыламыз. Сондықтан да жоғарыда аталған ұйымға қосыла қалғанда кейбір әділетсіздіктермен кездесуіміз мүмкін.

Әділетсіздіктің тағы бір түрі — сауда ұйымына мүше және мүшелікке ниет білдірген елдерді топтастырғанда олардың экономикасының даму деңгейінің, жалпы ерекшелігінін жан-жақты ескерілмеуі. Сауда ұйымынын зандары мен ережелері үміткерлерге қай топқа жататынына байланысты әртүрлі, жоғары немесе төмен, қатал немесе бәсеңкі талаптар қояды. Үміткерлерге осы ұйымнын талабына өз елінің экономикасын толық сәйкестендіру үшін берілетін өтпелі кезеңнің мерзімі де (5-6-8 жыл) осы елдің кай топқа жататына байланысты. Мысалы, дамыған елдерге өңгіме болып отырған халықаралық ұйымнын баж салығының деңгеиі, жалпы сауда ережелері туралы талабы жоғары, дамушы елдерге ондай талап төмендеу. Осыған орай Қазақстан дамушы елдердің тобына кірсе, бізге сауда ұйымына мүше болу үшін қойылған шарттардын кейбір жеңілкеліссөздер жүріп жатыр. Біздің мәліметіміз бойынша, бірқатар елдер Қазақстаннан кеден салығынын мөлшерін қазіргі қалыптасқан деңгейде, тіпті одан төмен деңгейде ұстауын міндетіне ал деп отыр. Біздегі кейбір шаруашылык салаларына бұдан келетін зиян болмас, дегенмен едәуір басқа өндіріс орындарына, олардын тауарларына бәсекенің күшеюіне байланысты калыптасқан кедендік жағдай қолайсыз тиюі мүмкін.

Жалпы біздің экономикамыздың бәсекелестік мүмкіндігі аса жоғары емес. Кейбір салаларда тіпті төмен деп айтсак та болады. Қазақстан бойынша орташа кедендік салық мөлшері бүгінгі танда 12,7-13,0 пайыз шамасында. Ал енді осы көрсеткіш Мексикада — 33,7%, Аргентина мен Венесуэлада — 30,9%, Үндістанда — 32,4%, Таиландта — 28%, Түркияда — 22,3%, Чилиде — 24,9%, Филиппинда — 22,2%. Бізбен салыстырғанда аталған елдерде кеден салығы 2 есе, одан да жоғары. Осы деректер көп ойға жетелейді, біздің қазіргі кеден саясатымыз дұрыс па, бұрыс па деген сұрақтар туындырады.

Біздің экономиканың шикізат бағыттылығы, әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі, өндеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі, кәсіпорындардын жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы туралы жиі айтылып та, жазылып та жүр. Олардың шығарған бұйымдарының, өнімдерінің сапасы төмен, өзіндік құны жоғары. Халықаралық бәсекеге түскенде мұндай тауарларды сатып алушылар табылмай, оларды шығаратын кәсіпорындарды жабуға баруымыз мүмкін. Осындай қолайсыз жағдайға химия, тамақ, жеңіл өнеркәсіп, тағы басқа да өндірістің салалары, олардын кәсіпорындары кездесуі мүмкін. Мысалы, тамақтың көптеген түрлерінін (өсімдік майы, кондитерлік өнімдер, балық, т.б.) деңгейі (50-55 пайыздан артығы) бізге шет елдерден келеді. Осы саладағы бірнеше жүздеген өз кәсіпорындарымыз тиянақты жұмыс істемей тұр. Қазіргі қолданыстағы кеден салығы мөлшері осы өндіріс салаларын дұрыс қорғауға жарамай отыр. Сонда не, осы өндіріс орындарын жауып, тек шетел тамақтарын пайдалануға көшеміз бе? Әлде басқаша кеден саясатына көпуіміз керек пе? Оларға дұрыс жауап ретінде бізге керекті, бізге тиімді кеден саясатын жан-жақты зерттеп, талдап, соның негізінде келіссөздер жүргізіп, сауда ұйымына кіру үшін кеден салығы туралы алатын міндеттеріміз бен жауапкершілігімізді анықтауымыз керек. Көптеген елдер аталған ұйымға осындай зерттеулермен, дайындықпен қосылуда. Қытай Халық Республикасы солай жасады, Ресей Федерациясы да осындай талдаулар жасауда. Біз де тиімді тарифтік-төлемдік саясатты, оны шаруашылықтың әр саласын терен зерттеу арқылы, Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылғанда неден ұтып, неден ұтылатынымызды жан-жақты талдау арқылы анықтауымыз қажет. Десек те, осы бір маңызды мәселе еліміздегі біздің министрліктер тарапынан өзінін тиянақты шешімін әлі күнге дейін таба алмай отыр. Сонымен қатар аталған проблеманы түбегейлі шешу үшін өндірісті жаңа технологиялық негізде қайта құру, жаңғырту ісін қолға алуымыз керек. Әсіресе ғылымды қажетсінетін өндіріс салалары басым дамуы керек. Осы мақсатты көздеген Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын Елбасы Н.Назарбаев жақын арада бекітті.

Ауыл шаруашылығы өнімдері үшін жобаланып отырған сауда ережелеріне арнайы тоқталғымыз келеді. Осы салада 1995 жылға дейін халықаралық дәрежеде қалыптасқан сауда тәртібі, ережелер болған жоқ. Ауыл шаруашылығы туралы келісім бірінші рет 1995 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымы ауылшаруашылық өнімдерін сырттан әкелу мәселелерін тек осы тетік (механизм) арқылы реттеуді талап етеді. Басқа тетіктерді, немесе құралдарды қолдануға оның зандары мен ережелері тыйым салады. Осындай жағдайда бізде шығарылатын азық-түлік өнімдеріи өз елімізде толық пайдалану мүмкіндігі, біздің ішкі тұтынуымызда шетелдік азық-түліктің басып кетпеуі, айта берсек еліміздің азық-түлік жөнінен қауіпсіздігі жоғарыда аталған кедендік салыққа, онын Дүниежүзілік сауда ұйымымен (әр елмен келіссөздер арқылы) келіскен мөлшеріне байланысты. Қазіргі бізде қалыптасқан ауылшаруашылық өнімдері жөніндегі кеден салығы деңгеиі орта есеппен алғанда 16,5 пайыз. Бұл деңгей (егер осы күйінде сауда ұйымынын бүгінгі талабына сәйкес сақталса) еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін толық түрде қамтамасыз ете алмайды-ау деген қауіп бар. Мысалы, 2002 жылы елімізде орташа шамамен 1,5 млрд. долларға азық-түлік пайдаланыппыз, ал оның 500 млн. долларға жуығы, яғни 33 пайызы шет елдерден келген өнімдер. Ал енді кейбір зерттеулерге сүйенсек, әр ел азық-түлік жөнінде қауіпсіз болуы үшін оның сырттан келген мөлшері жалпы ішкі тұтыну мөлшерінің 25 пайызынан аспау керек. Осы деректерді салыстыру негізінде ойласатын мәселелер бізде баршылық.

Тағы да кедендік салық деңгейі туралы. Ауылшаруашылық өнімдері үшін оның орташа деңгейі 16,5 пайыз екенін жоғарыда айттық. Басқа елдерде, әсіресе дамыған елдерде, осы деңгей біздің еліміздегіден екі есе, одан да көп артық. Кейбір азық-түлік өнімдері жөнінде баж салығы 60-тан 300 пайызға дейін, одан да жоғары деңгейде қойылған. Мысалы, Жапонияда күріпке баж салығы 444%, бидайға — 193%, АКШ-да сүт өнімдеріне 93%, қантқа —91%. Европа Одағы бойынша сүт өнімдеріне 205%, күріпке — 231% баж салығы бекітілген. Бұны біз дамыған елдердің өз ауыл шаруашылығын қолдау үшін жасап отырған әдеиі амалдары, басқаша айтсақ аграрлық қолдампаздық (аграрный протекционизм) дейміз. Осындай жағдайлар дүниежүзілік азық-түлік сауда тәжірибесінде бар және оны ескермеуге болмайды. Сараптап айтқанда, ауылшаруашылық өнімдері жөнінде міндетімізге алатын баж салығы туралы тереңірек ойланғанымыз жөн. Мүмкін, сауда ұйымына кірмей тұрып азық-түлік өнімдерінің кейбір түрлеріне деген баж салығын жоғарылату керек болар. Өздеріне болашақта қолайлы болу үшін кейбір елдер осындай шараларды колданады. Мысалы, көрпміз Ресей соңғы екі-үш жыл ішінде осындай шараларды іске асыруда. Ресейдің аграрлық қолдампаздық саясаты, осы жөнінде басқа елдермен келіссөздерде көрсетіп отырған табандылығы бізге де үлгі боларлықтай.

Енді ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан көрсетілетін оіріктірілген көмектің (агрегированная поддержка) мөлшері туралы. Біздің хабарымыз бойынша Қазақстанға осындай жәрдем 1996-1998 жылдардағы ауыл шаруашылығына көрсетілген көмектің бір жылдық орташа мөлшерінен аспау керек деген талап қойылуда. Дүниежүзілік сауда ұйымынын төртібі осылай. Осы талапты орындау ауыл экономикасын мемлекет тарапынан пәрменді қолдауға көмектеспейді, қайта шек келтіреді. Өйткені жоғарыда айтылған жылдарда біздің үкімет ауылға ауқымды көмек көрсете алмады, бұған жалпы экономиканың сол кездегі нашар жағдайы себеп болды. Біз биылдан бастап қана Елбасынын тікелей шешімімен ауылды көтерудің үш жылдық бағдарламасын жүзеге асыра бастадық, ауылға көмек ретінде бөлінген қаржы бірнеше рет өсті.

Бірақ осындай үдетілген көмектің өзі аймақтарына сатамыз. Соңғы бір-екі жылда ауылшаруашылық өнімдерін бұлардан алыс мемлекеттерге де сата бастадық. Осыған байланысты қиыншылык — астықты немесе басқа өнімдерді алысқа тасығандағы жол қымбаттылығы. Арзан су жолы жоқ, ішкі құрылықта жатқан елміз. Алыс елдерге апарғанда жол шығыны өпімнін өзіндік құнынын 25-30 пайызынан асып кетеді, сондықтан да баға жағынан біз шығарған азық-түліктің бәсекелік мүмкіндігі төмендейді.

Мұндай жағдай кейбір басқа елдерде де бар, олар өз тауарларының экспорттық, бәсекелестік мүмкіндігін жоғырылату үшін кейбір шет елге сатуға арналған өнімдерге мемлекет тарапынан арнаулы қолдау көрсетеді. Бұны экспортты қолдау көмегі дейді. Мысалы, Франция шет елдерге еттің 1 тоннасын 1200 доллардан сатады, өз елінде оның бағасы — 2000 доллар. Франция фермерлеріне 800 доллар айырмашылықты өз мемлекеті төлейді. Бұл да бір ойланатын жағдай. Мүмкіндік болса осындай қолдау, әсіресе жол шығынын үкімет тарапынан өтеу, біздің шаруашылық қожалықтарына да сөзсіз көмегін тигізер еді. Сонда олар өздері шығарған өнімдерін тек қана жақын елдерге апарып қоймай, алысқа, халқы көп, азық-түлікке көбірек мұқтаж елдерге, мысалы Египетке, Солтүстік Африка елдеріне, басқа да осындай мемлекеттерге молынан апарып сатуға мүмкіншіліктері көбейер еді. Дүниежүзілік сауда ұйымынын ауыл шаруашылығы туралы арнаулы келісімі бойынша осы салаға демеу қаржы беру үш түрге — қызыл, сары, жасыл деп — бөлінеді. Біз олардың әрқайсысына жеке тоқтап жатпай, ауылға жәрдемнің жалпы және күрделі проблемаларына және оларды сауда ұйымына мүше бола отырып тиімді шешудің жолдарына ғана тоқтадық.

Дүниежүзілік сауда ұйымынын бір-екі жүйелік келісімдерінен туатын талаптарға, сонымен қатар кейбір елдердің Казақстанға қойып отырған бейстандарттық талаптарына тоқталуды да жөн көрдік. Аталған ұйымнын демеу қаржы туралы жүйелік Келісімі бойынша әр елде пайдаланатын электр энергиясынын бағасы осы елдін барлық өнірінде біркелкі болып және де дүниежүзілік деңгейде болуы керек. Бұндай талапты орындау біздін экономикамызға, өндіріске де, ауыл шаруашылығына да қиындау болар. Қазір біз пайдаланып отырған энергия бағасы өлемдік деңгейден төмен, өйткені біздің елде энергиямен жарақтандыру мүмкіндігі мол. Сонымен қатар біз шығаратын өнімдерге энергия жұмсалуы басқа (дамыған) елдермен салыстырғанда бірнеше, тіпті 7-10 есе жоғары. Осыларды еске алсақ сауда ұйымынын жоғарыда көрсетілген талабын орындау біздің заттарымыздың өзіндік құнын өсіреді, тіпті еселеп өсіреді десек те көп қателеспейміз. Бұл біздің экономикамызды үлкен қиындыққа соқтыруы мүмкін. Сауда ұйымына кіру туралы келіссөздерде осы мәселенің де басын ашып, бізге тиімді шешімді қарастырғанымыз жөн.

Қазақстан көптеген ұлтаралық компаниялармен (ТНК), шетелдік фирмалармен ұзақ мерзімді келісім-шартқа отырып, соның негізінде мұнай, газ, қара және түсті металл, онын әртүрлі өнімдерін шығарып жатыр. Бұл келісімдердің көбі жұртшылыққа белгілі емес. Дегенмен шетелдік мамандар мен жұмысшылар шақыру жөнінде осы келісім-шарттарда белгілі бір шектеу бар сияқты. Өйткені, біздің елде жұмыста жүрген шетелдіктер саны өзір онша көп емес. Ал енді Дүниежүзілік сауда ұйымынын зандары кейбір жағдайларда осындай шектеудің болмауын талап етеді. Осыған байланысты аталмыш ұйымға кірген жағдайда еліміздe жоғарыда көрсетілген азаматтар саны көбеиіп кете ме, қалай? Кейбір елдер сауда ұйымына қосылуға үміткерлерден жұмыс асып жатқан болар. Бірақ көптеген түиіндер әлі шешілмеген сияқты. Аталмыш ұйымға асығыс, тиісті дайындықсыз кірген бұрын Кеңес одағында болған қазіргі кейбір егемен елдердің өзір утқаны аз, ұтылғаны көп. Сондықтан да бізге үлкен дайындық, терең зерттеулер, ұлттық мүддені қорғайтын дәлелді де табанды келіссөздер жүргізіп, елдің, оның экономикасының болашағына қолайлы міндеттерді ғана мойнымызға алуымыз керек. Кіммен бір мезгілде кіреміз деген сұраққа мен — "Ресейліктермен", дер едім. Тіпті алдымен Ресей кіріп, артынан (көп ұзамай) Қазақстанның кіргенінің де жөні бар сияқты. Өйткені Ресеймен біздің экономика ен тығыз байланыста, жалпы жағдайы көп жағынан бірдей, олар да біздер сияқты өтпелі кезеңді басынан өткізіп отыр. Екі ел тізе қосып басқалармен жүргізген келіссөздердің нәтижесі жоғарылау болуы әбден мүмкіп.

Сөз соңында Дүниежүзілік сауда ұймының зандары мен ережелерін білп, осыған сәйкес іс-қимыл жасауға еліміздегі кәсіпкерлерді, сыртқы экономикалық байланыспен шұғылданатын кәсіпорындарды, олардын менеджерлеріп дайындауымыз керек екенін айтқым келеді. Көптеген елдер осы ұйымға қосылу ушін елін дайындады, іс басында жүрген азаматтарын оқытып, үйретті. Қытай Халық Республикасы ұйымға кіру ушін 15 жыл келіссөздер жүргізді деп жиі айтамыз. Тек келіссөздер ғана емес, ол елде сонымен қатар үлкен дайындық жүріп жатты. Соның бір көрінісі — Қытай Дүниежүзілік сауда ұйымына байланысты өз халқының арасында шын мәнінде "сауатсыздықты жою" науқанын жүргізді. Жоғары партия мектебіне 2000 губерния мен провинциялардын басшыларын жинап, осы сауда ұймы мәселелерімен оларды ұзақ дайындады. Аталмыш басшылар өз провинцияларында жергілікті әкім, қызметкерлерді осындай дайындықтан өткізді, соңғылар өз кезегінде қарамағындағы кәсіпкерлер мен кәсіпорын қызметкерлерін оқытты, үйретті. Осындай үлкен ағарту науқанының да салдары болар, Қытай сауда ұймына кіргенде жоғалтқаны жоқ болды десек те болады, ал тапқаны өте көп. Дәлел ретінде өткен жылғы осы елге еселеп келіп жатқан жалпы көлемі 50 млрд. долларлардан артық инвестицияны айтсақ та болады. Бізге де кәсіпкерлерді, іс басында жүрген азаматтарды дайындықтан өткізу керек. Нені жақсы білсен, терең түсінсен, соны жақсы игересің. Еліміздің тек қана астанасында емес, әрбір аймағында арнаулы қысқа мерзімді мектептер ашып кәсіпкерлерді дайындаған жөн болар. Дүниежүзілік сауда ұймының тек қана зандары 400 парақ, ал ережелері, анықтамалары, түсініктемелері 22 000 парақ. Оларды жетік білгендер сауда кеністігінде еміннеркін қимылдайды, ұтылмайды, өз пайдасын жібермейді. Бізге осындай азаматтар керек емес пе. Оларды дайындау ушін екпінді шаралар да керек.

Аталған ұймға кіріп, шет елдермен тығыз да тиімді карым-қатынастар жасау ушін мамандар да дайындау керек. Біздің жоғарғы оқу орындарымызда халықаралық сауда, халықаралық валюта-несие салалары ушін арнаулы мамандар дайындалмайды, осы мәселені шешуге де мезгіл жеткен сияқты.

Әңгімені аяқтай келіп, біз үлкен бір кезеңнің алдында тұрмыз деп тағы да қайталағымыз келеді. Дүниежүзілік сауда ұймына қосылу мәселелері, олардың шешімі біздің экономикамыздың тек қана қазіргі жағдайын ғана емес, алыстағы болашағын анықтайды. Оның ережелерінің ажары мен қатар қөлеңкелері де жоқ емес. Сондықтан да болашақ дұрыс болу ушін аталған кезеңге жақсы дайындық керек.